



SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

September 2015

Article Arrival Date: 10.07.2015

Published Date: 25.09.2015

Vol 1/ Issue 1 / pp: 41-44

Өздік Жұмыстың Шығармашылыққа Бағыттайтын Мүмкіндіктері

Bireysel Çalışmanın Yaratıcılığa Yönlendirici İmkanları

Individual Opportunities Related Facilities

Ziyoda ARTUKMATOVA

Kazakh Girls State Pedagogical University, Kazakhstan

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқушының өздік жұмысын жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру мен білімділік деңгейін көтерілуі қарастырылады. Бүгінгі таңдағы қарқындап өсіп отырған ғылым мен техника заманындағы мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына сараптама жүргізілді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығуға болады. Осыған орай, мектеп бітіруші әрбір оқушы ғылым негіздерінің жаңалықтарымен хабардар болып, кейін сол алған білім мен іскерлігін одан әрі дамытуға тиіс. Шығармашылыққа негізделген өздік жұмыстар білім алушылардың дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға, танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді практикада қолдану қажеттігі зерделенеді. Өздік жұмыс жүргізген оқушымен жұмыс атқарудағы күрделі үрдіс, оқушының өздігінен ізденуі, зерттеу жұмыстарын жүргізуі, шағын жобаларына жоспар құруы, шығармашылық тапсырмаларды орындауы талданады.

Тірек Сөздер: қазақ тілі, өздік жұмыс, тұлға, оқу-үдеріс, күзіреттілік, эксперимент, дағды

ÖZ

Bu makalede öğrencinin bireysel çalışması nasıl oluşturulacağını öğretmek, her bireyin bağımsız doğasının oluşumu ve eğitim düzeyinin artması incelenmiştir. Günümüzde hızla büyüyen bilim ve teknoloji zamanında okul programları ve ders kitapları incelenmiştir. Kaliteli eğitim ve kendiliğinden çalışıp, eğitim almayı öğretmek sonucunda akıllı vatandaş terbiye edilebilecektir. Bu bağlamda, lise mezunlarının bilinçli haberlerden haberdar olup, edinilen bilgi ve becerilerin geliştirilmesi gerekmektedir. Yaratıcılığa dayalı bireysel çalışmalar öğrencilerin öz-dünya görüşüne, araştırma yeteneğinin gelişmesine, bireysel kişi olarak yetişmesine etkisi olacaktır. Ayrıca, kendiliğinden fikir üretme, karar verme, doğru konuşma, dil yeterliğini arttırma, bilişsel sorunları çözmekle beraber edinilen bilgiyi pratik uygulamada kullanması gerektiğini öğrenecektir.

Anahtar Kelimeler: Kazak dili, Bireysel çalışma, Eğitim süreci, Yetkinlik, Deney, Beceri.

ABSTRACT

This article examines how individual learning of the learners is formed, how each individual's independent nature and level of education increase. Nowadays, school programs and textbooks are studied in the rapidly growing science and technology. As a result of quality education and self-study and training to be educated, intelligent citizens will be able to be educated. In this context, the high school graduates are aware of the conscious news and the knowledge and skills acquired should be developed. Individual studies based on creativity will have an impact on students' self-world view, the development of their research ability, and the development of individual individuals. He will also learn that he or she should use the acquired knowledge in practical practice, as well as spontaneously generating ideas, making decisions, correct speaking, improving linguistic competence, and solving cognitive problems.

Keywords: Kazakh language, Individual Work, Training Process, Competence, Experiment, Skill.

Білім беру саласында қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде оқыту үрдісінде оқушының өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болып отыр. Жас білім алушылардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Қазіргі таңда өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс. Оқушының өзіндік жұмысы – өскелең ұрпақтың жан-жақты білім алуын қамтып, білім сапасын арттырады. Осыған орай оқу ошақтарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі. Оқушының өздік жұмысы – бұл дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір пән саласында білім жинақтауына бағытталған оқушының оқу әрекетінің ерекше түрі. Өздік жұмыс оқушының шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өздік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды проблема болып табылады. Өздік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өздік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өздік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды. Білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған. Өздік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады. И.Т.Протасовтың ойынша, өздік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы. Г.Н.Кулагина өздік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді. Г.Н.Дари өздік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты оқушы өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады.

Өздік жұмыстар әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, дидактикалық ойындар, эксперимент жүргізу, жоба жасау, ізденімдік-зерттеушілік тапсырмалар орындау арқылы т.б. Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарының бірі жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан оқу ошақтарында әрбір сыныпта мұғалімнің басшылығымен оқушылар жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады. Олардың өздік жұмысы шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және жан-жақты білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор. Р.С.Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктілер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады» [1.656.]. Өз бетімен жұмыстың маңыздысы - білім алушының өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Білім жүйесінде мектеп негізгі саты болып табылатындықтан шығармашылық ой-өрісі және жалпы адамгершілігі бар, біліммен жан-жақты қаруланған жеке тұлға тәрбиеленуге тиісті. XIX ғасырда француз психологы Рибо былай жазған:

"Егер де ойлау шығармашылығына оқытуға болатын болса, онда етікшілерге қарағанда өнертапқыштар көп болар еді". Яғни автордың пайымдауынша шығармашылыққа, оның ішінде өнертапқыштыққа үйренуге болады. Осы орайда, өнертапқыш, жаңалық ашатын, жаңа идеялар әкелетін, шығармашыл тұлғалар үшін қоғамнан өз орны дайын, мұндай тұлғалар ел экономикасының өсуіне, ел болашағының дамуына қосары бар мүдделер ретінде қажеттілікке ие. Осы секілді дарынды мүдделерге жетуде оқытып, тәрбиелеудің пайдалы тұстарын мен

жаңа қырларын ашуға ұмтылу, әлемдік озық тәжірибелерден үлгі алу – ұстаздар алдындағы салмақты міндеттердің бірі. Шығармашылыққа негізделген өздік жұмыстар білім алушылардың дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі. Мұғалімнің сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай оқушының әрекетіне мән беруі тиіс. Өз бетімен жұмыс жасау дегеніміз – оқушының мұғалім басшылығымен жүргізілетін, алға қойылған дидактикалық мақсаттарға белгілі бір уақыт ішінде жетудегі белсенді қызметі. Дидактикалық мақсаттар деп, білімді іздеу, оны түйсіну, бекіту, алынған білімді жүйелеу, білік-дағды қалыптастыру, дамыту болып табылады. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарды өз бетімен орындауы дидактикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Оның өзіндік ерекшеліктері бар. Бір жағынан оқушы орындауға тиіс тапсырмалардың түрлілігі дейтін болсақ, екінші жағынан тапсырмаларды орындау арқылы оқушыларда белгілі бір қабілеттер мен дағдылардың қалыптасуы. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын зерттеулердегі ғалымдар пікірінше, өз бетімен жұмыстанудың нақты бір жағдайларда белгілі мақсат пен міндеттерге бағытталуы қажет. Сонымен бірге, өз бетінше жұмыс жасаған баланың бойында білуге ұмтылыс, құштарлық үдерісі жүреді де, белсенді бола бастайды. Білім мазмұны мен деңгейі өсіп, өзін-өзі бақылауы мен тәрбиеленуінің арқасында ерекше танымдық қабілеттері таныла, айқындала бастайды. Бұл үдерістің жалғасуы арқылы оқушы шығармашылығы көрініс табады. Адамды өнертапқыштыққа үйретудің басты жолы бар, ол шығармашылық процеске, яғни шығармашылық қызметтің мәнін құратын құрылымдарға оны үйрету. Қалғандары (жинақылық, ұқыптылық, қажырлылық, мінез-құлық және т.с.с.) көмекші қызметті орындайды.

Шығармашылық қызметтің құрылымы:

1. Бұрын меңгерілген білімін және біліктілігін жаңа жағдайға дербес көшіру.
2. Таныс жағдайдағы проблеманы көре білу.
3. Объектінің жаңа қызметін көре білу.
4. Объектінің құрылымын анықтау.
5. Шешімнің немесе оның әдістерінің баламасын көре білу.
6. Бұрын меңгерілген қызмет тәсілдерін пайда болған проблемаға үйлесімді қолдану.

Бүгінгі күні оқу ағарту ісінде вариативтік принцип жарияланған, соның нәтижесінде білім беру ұжымдары мен мұғалімдерге оқыту үрдісінде кез келген модельдерді соның ішінде, авторлық модельдерді таңдап алуларына мүмкіндік туды. Осы бағытта білім берудегі прогресс мынада: білім беру құрылымының пәрменділігін арттыруда қазір дидактика мүмкіндіктерін пайдалану, оның әртүрлі жолдарын жасау, оқытудың жаңа технологиялары мен ой-пікірлерді ғылыми және тәрбиелік тұрғыдан негіздеу. Ұстаз тұлғасы – баланың жаны мен ойына әсер ететін негізгі тәрбиеленуші күш, жаңаша білім беру – бала мүмкіндіктерін барынша пайдалануға жағдай жасау. Оның басты әдіснамалық білім беру міндеті – бала қабілетін дамыту және тәрбиелеу. Ұстаз бен оқушының субъект – субъектілік қатынасы негізінде оқу-тәрбие үрдісінде бірін-бірі толықтыру, бір-біріне қолдау көрсету жағдайында өтеді. Мұғалімнің оқушымен бірлесіп шығармашылық еңбек етуі ғалым В.И. Андреевтің пікірінше мынандай ережелерді сақтау негізінде іске асады:

1. Педагог, мүмкіншілігінше, өзінің ұстаздық шеберлігін және шығармашылық қабілеттерін үнемі дамытып, шыңдап отыруы қажет.
2. Ұстаз өз оқушыларымен қарым-қатынаста үнемі демократиялық стильді дамытуы керек.

3. Мұғалім оқушының шығармашылық қабілеттерін және басқа да тұлғалық сапаларын дамытуда үнемі онымен бірге осы қасиеттерді дамытудың жолдары мен құралдарын іздестіруде болуы қажет.

4. Шығармашылық тапсырмаларды шешудің тамаша әдістерін бірге талқылау, көбінесе жаңа ой-пікірлерді бірлесіп іздестіру, т.б.[2.1286.].

Жанашыл педагогтардың тәжірибелерінде бұл ережелер үнемі іске асырылып отырады. Шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде ұстаз оқушылардың белсенділігі мен өз бетімен талаптануына, шығармашылық мүмкіндіктеріне сүйеніп, нәтижесін болжайды. Оқытуға қойылатын талаптардың бірі – білім беру мен тәрбиенің біртұтас үрдіс ретінде іске асырылуы. Білім бере отырып тәрбиелеу дегенді екінші сөзбен айтқанда, оқушының ой белсенділігін, жұмыс істеу дағдысын, шығармашылық қабілетін дамыту деген сөз. Қабілеттердің дамуы, дағдының қалыптасуы оқушының нақты іс-әрекеті арқылы орындалады. Лайықты таңдап алынған әдіс, сабақ түрі ғана оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне мүмкіндік туғызады. Ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің айтуынша, пәнді білетін кез келген адам мұғалім бола алмайды екен. Нағыз, шын көңілді мұғалім жұрт ойлағандай үйреншікті жаратылыс емес. Сол себепті нағыз бейімді, үлкен энергиялы адам ғана бұл қызметті атқара алады екен. Білім мен тәрбие ісі – қай қоғамның болмасын ең маңызды мәселесі. Еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізіп, тілінің Мемлекеттік статус алуы, түбірлі өзгерістер білім мен тәрбие ісіне де реформалар жасау керектігін күн тәртібіне енгізді. Сондай-ақ, осы игі істермен бірге жаһандану проблемасы келді. Жаһанданудың тиімді жақтарымен бірге, әсіресе, тіл мәселесі айналасындағы қаупі де жоқ емес. Қазақ тілін, оның ішінде грамматикалық салаларын жан-жақты жетілген әдіс-тәсілдер арқылы оқыту, берілетін білімнің сапасын арттыру, тілімізді жаһандану алапатынан сақтаудың бірден-бір жолы деуге болады

Отандық педагогикада білім алушыны шығармашылық қызметке енгізетін көп тәсілдер мен түрлер жинақталған. Атап айтқанда: жоба, үлгіні қорғау, дөңгелек үстел, пікір-сайыс, «XXI ғасыр – көшбасшы» интеллектуалдық марафон және т.б. Шығармашылықтың осы түрлерімен қатар, жоспар құру мен кіріктіру және атақты адамдардан сұхбат алуды қолдануға болады. Елбасының «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз» деген сөздері мұғалімге білім беру саласында, оқыту үрдісінде оқытудың тиімді жолдарын табу мен дамыту сияқты маңызды құрамдас бөліктеріне талғампаздықпен қарауды, «өмір бойы білім алу» үрдісіне дайын және өмір бойы білім алуға қабілетті маман болуды көздейді. Сондықтан бүгінгі қоғамдағы еліміздің әрбір мұғалімінің ұстанымы: білім беру ісіне – жаңа мазмұн мен сапа қажет. Отандық білім беру жүйесін жаңғыртуда Елбасының Жолдауында көрсетілгендей, ұлты басқа шәкірттерге мемлекеттік тілді меңгертумен қатар Отанының ұлылығын сезініп, оның алдындағы жауапкершілігін ұғынатын отансүйгіш саналы ұрпақ тәрбиелеу болмақ. Ендеше, ел азаматтарының білім деңгейін, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын басты өлшем әр қоғамда сапалы білім мазмұнымен бағаланатынын ұмытпайық. Әдебиет 1. Немов Р.С. Психология. В 3 т. т.3. М, 1996. 2. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. – Казань: Изд. Казанского Унив.1988. – 238 с.